

# АГРОАРЛЫҚ НАРЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

## ПРОБЛЕМЫ

# АГРО РЫНКА

МЕТОДОЛОГИЯ · АНАЛИЗ · ПРОГНОЗЫ · РЕКОМЕНДАЦИИ



# Аграрлық нарық проблемалары

Т Е О Р Е Т И Қ А Л Ы Қ Ж Ә Н Е Ғ Ы Л Ы М И - П Р А К Т И К А Л Ы Қ Ж У Р Н А Л

## МАЗМҰНЫ

### Аграрлық саясат: іс жүзіне асыру механизмі

<b>V. Kuznetsov, I. Soldatova</b> Investment state support of agriculture in Russia.....	5
<b>Е.И. Сидорова</b> АӨК-нің бәсекелестік қабілеті – тиімді мемлекет аралық кооперацияның негізгі шарты .....	9
<b>А.Т. Бисеков, А.Н. Алашбаева, А.М. Бекбулатова, Д.А. Алимбеков</b> Қазақстан Республикасы өңірлерінің орнықты дамуға өту кезеңдері.....	15
<b>Л.Б. Винничек, Е.В. Фудина</b> Ресейдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемалары .....	19
<b>Г.А. Никитина</b> Қазақстандағы азық-түлікке сұраныстың даму үрдістері.....	23
<b>Musa Cakir, Osman Dagdelen</b> Brand – management and the factors affecting the brand preferences.....	29
<b>С.Т. Жұмашева</b> Израиль мемлекетінің ауыл шаруашылығы туралы .....	33

### Шаруашылық жүргізудің экономикалық механизмі

<b>Н.В. Джангарашева, М.С. Дергунова</b> Ақтөбе облысы ауыл шаруашылығындағы лизингтік қатынастар.....	37
<b>Л.И. Ковалев, И.Л. Ковалев</b> Мал шаруашылығы техникалық сервисіндегі еңбек шығындары мен нормативтер .....	43

### Табиғат қорғау экономикасы

<b>З.Р. Карбетова, Ш.Р. Карбетова</b> Ауыл шаруашылығының экологиялық проблемалары және оларды Қазақстан Республикасында шешу жолдары.....	49
--	----

### Азық-түлік өнімдері рыногы

<b>А.И. Алтухов</b> Ресей Федерациясында астық сапасын арттыру: жағдайы мен проблемалары .....	52
<b>V.YA. Kavardakov, I.A. Semenenko, S.V. Sazonov</b> Main tasks, principles and directions of the formation the state-market mechanism for ensuring the innovative technological development of the livestock sector of the Russian Federation .....	60
<b>В.И. Тарасов, Э.Ф. Мустафина</b> Қазақстан азық-түлік рыногы және Кедендік одақ үшін Ресейдің ДСҰ-на біржақтама кіруінің салдарлары .....	63
<b>С. Амирбаев</b> Мемлекет аралық интеграцияның даму жағдайындағы сүт және сүт өнімдерінің отандық рынок жағдайына әсер етуші негізгі факторлар.....	68

1994 ж. қазан айында  
негізделген

Құрылтайшы -  
Қазақ АӨК-нің экономикасы  
және ауылдық аумақтарды  
дамыту ҒЗИ

Бас редактор  
**Ғ.Ә. ҚАЛИЕВ**

Бас редактордың  
орынбасары  
**А.Б. МОЛДАШЕВ**

Редакциялық-баспалау  
кеңесі

**Ғ.Ү. ӘКІМБЕКОВА,**  
**Ш.Ү. ӘКІМБЕКОВА,**  
**В.В. ГРИГОРУК,**  
**Д.С. ЖАЙЫЛОВ**  
(Қырғызстан),  
**С.Т. ЖҰМАШЕВА,**  
**З.М. ИЛЬИНА**  
(Беларусь),  
**Г.А. НИКИТИНА,**  
**П.М. ПЕРШУКЕВИЧ**  
(Россия),  
**А.И. САБИРОВА,**  
**П.Т. САБЛУК**  
(Украина),  
**А.С. САЙГАНОВ**  
(Беларусь),  
**С.В. САЛАХОВ**  
(Азербайджан),  
**М.И. СИГАРЕВ,**  
**Ж.С. СҮНДЕТОВ,**  
**И.Г. УШАЧЕВ**  
(Россия)

Редакция:  
**И.С. ТАИПОВА,**  
**А.А. КОЗЛОВА,**  
**Ж.Ш. ШАРАҚЫМБАЕВ**

Теру: **Л.Д. ФЕДЧЕНКО**  
Компьютерлік верстка:  
**Ж.С. ДОСУМОВА**

Жаппай ақпараттандыру  
құралдарын тіркеу туралы  
Күелік №1327, 24 мамыр  
1994 ж.

Халықаралық тіркеу номері  
ISSN 1817 – 728X

Журнал Қазақстан  
Республикасы білім және  
ғылым саласындағы  
бақылау Комитетінің  
басылымдары Тізіміне  
қосылған

Қайта баспалау кезінде  
редакцияның жазбаша  
келісімі, сондай-ақ қитат  
алу кезінде «Аграрлық  
нарық проблемалары»  
журналына бағыттама  
беру міндетті.

Редакция жарияланған  
мақалаларды басқа  
басылымдарда, соның  
ішінде электронды  
мәліметтер базасында да  
пайдалану құқығына ие.

Редакцияның және  
редакторлық кеңес  
мүшелерінің пікірлері  
жарияланым авторларының  
көзқарастарымен сәйкес  
келмеуі мүмкін.

---

## Ауылдың әлеуметтік проблемалары

---

**Г.Ж. Доскеева, А.Н. Жанбырбаева**  
Алматы облысы әлеуметтік саласының дамуы..... 74

---

## Сөз жас ғалымдарға

---

**Zh.Sh. Ishuova, S.K. Kondybayeva**  
Modeling the distributional implications of agricultural, housing and  
monetary policies in Kazakhstan ..... 79

**Т.А. Асанова**  
Алматы облысындағы ет және ет өнімдері нарығын маркетингтік  
талдау ..... 86

**М.Ж. Искакбаева**  
Қазақстан халқын әлеуметтік қорғау жүйесінің институционалдық  
негіздері және қалыптастыру кезеңдері ..... 92

**Р.А. Кузембекова**  
Алматы облысының Алматы қаласымен кешенді әлеуметтік-  
экономикалық дамуының бәсекелестік артықшылықтары..... 99

**Б.С. Джусупова**  
Ауылшаруашылық тауар өндірушілерін мемлекеттік қолдаудың  
шетелдік тәжірибесі ..... 104

**Юбилялды құттықтау** ..... 109

УДК 339.138:636 (574.51)

## АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЕТ ЖӘНЕ ЕТ ӨНІМДЕРІ НАРЫҒЫН МАРКЕТИНГТІК ТАЛДАУ

Т.А. АСАНОВА

PhD докторант

Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті

*Алматы облысының 2007-2011 жылдардағы ет және ет өнімдері рыногын маркетингтік талдау келтірілген. Облыс шаруашылықтарының барлық категорияларындағы мал басының және құстардың өсу, сондай-ақ ет және оның қайта өңделген өнімдерін өндіру және тұтыну динамикасы талданған.*

*Представлен маркетинговый анализ рынка мяса и мясных продуктов Алматинской области за 2007-2011 годы. Проанализирована динамика роста поголовья скота и птицы всех категорий хозяйств области, а также производства и потребления мяса и продуктов его переработки. Рекомендуются методы повышения конкурентоспособности отрасли.*

*Presented marketing analysis meat market and meat products Almatinskoy area for 2007-2011. The analysed track record of the growing of the live-stock of the live-stock and birds all category facilities of the area, as well as production and consumptions of meat and products of its conversion. They are recommended methods of increasing to competitiveness to branches.*

*Тұтқалы сөздер: ауыл шаруашылығы, ет және ет өнімдері, мал және құс басы, өндіріс құрылымы, сыбаға салмағы, өнімділік, маркетинг.*

*Ключевые слова - сельское хозяйство, мясо и мясопродукты, поголовье скота и птицы, структура производства, удельный вес, продуктивность, маркетинг.*

*Keywords - an agriculture, meat and meat production, live-stock of the live-stock and birds, structure production, specific gravity, productivity, marketing.*

Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында ауыл шаруашылығын дамыту алдағы кездегі басты бағыттардың бірі екенін көрсете келе, елімізде ет өндірісінің экспорттық әлеуетін дамыту жөніндегі жобаны белсендірек жүргізу қажеттігін атап өтті. Ол үшін етті мал шаруашылығын дамытып, 2016 жылы ет экспортын 60 мың тоннаға жеткізу қажет. Аталған міндетті ойдағыдай орындаудың негізгі алғышарттарының бірі, мал тұқымын асылдандыру болып табылады. Ғылыми негіздерге сүйенсек ет, сүт өнімдерін мол әрі сапалы өндіру үшін асыл тұқымды мал басының үлесі 30 пайыздан кем болмауы тиіс [1].

Қазіргі уақытта Алматы облысы ет және ет өнімдерін өндіру бойынша алдыңғы қатарлы орынды иеленген.

Алматы облысының ет кіші кешені көп салалы интеграциялық жүйе болып табылады және мына төмендегідей бизнес салаларын қамтиды:

- ет кіші кешенінің тиісті салалары үшін негізгі және айналым құралдарын өндіру;
- ет жеткізуді қамтамасыз етуші мал шаруашылығы салалары, яғни ірі қара шаруашылығы, шошқа, құс, қой, түйе және жылқы шаруашылықтарын;
- шикізат өндіру, қайта өңдеу, тасы-малдау және сақтау бойынша салаларды, сауда мен қоғамдық тамақтандыруды.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің әлеуетті буыны болып, Алматы облысының АӨК ет кіші кешені үшін ірі қара, шошқа, құс, қой, түйе және жылқы шаруашылықтары саналады. Осы салалар ет нарығының тиімді жұмыс жасауына және дамуына негіз болып қызмет етеді. Осы нарықты қалыптастыру мүмкіндіктері табиғи-ресурстық және экономикалық әлеуеттің болуымен байланысты, ол мамандандырудың,

## Слово молодым ученым

мал азығы базасы жағдайының, мал басының арқасында қалыптасты. Мал шаруашылығының дамуы, сондай-ақ сұраныспен және облыстың нарықтық инфрақұрылымдарымен анықталады: қайта өңдеу өнеркәсібінің даму деңгейімен, өнімдерді сақтау және сатумен, сондай-ақ елеуетті тұтынушыларды қанағаттандыру қабілетімен айқындалады.

Қазақстанда 2011 ж. 5702,4 мың бас ірі мүйізді қара; 18091,9 мың бас қой және ешкі;

1204,2 мың бас шошқа; 32 870,1 мың бас құс; 1607,4 мың бас жылқы және 173,2 мың бас түйе саналды. Барлық мал басының басым көлемі үй шаруашылығына келеді. Сөйкесінше, Алматы облысында 2011 жылы 828,8 мың бас ірі мүйізді қара; 3101,5 мың бас қой және ешкі; 111,8 мың бас шошқа; 9058,6 мың бас құс; 239,0 мың бас жылқы саналды [2].


1 – кесте. Алматы облысындағы шаруашылықтардың барлық категорияларындағы мал және құс санының динамикасы

Керсеткіштер	Жылдар					мың бас
	2007	2008	2009	2010	2011	2011 ж. 2007 ж.-ға, %
Ірі қара малдың саны	757,6	788,8	807,2	819,1	828,8	109,3
Шошқа саны	144,8	140,8	112,8	113,8	111,8	77,2
Қой мен ешкі саны	2800,5	2944,4	2983,8	3054,2	3101,5	110,7
Жылқы саны	202,7	219,7	225,5	232,9	239,0	117,9
Құс саны	8273,6	8384,3	9284,9	8486,0	9058,6	109,4

Ескерту – ҚР Статистика агенттігінің материалдары негізінде автордың есептеулері

1-кестеден көріп отырғанымыздай, Алматы облысында ірі қара мал, қой мен ешкі, жылқы және құс санының артуы байқалады. 2011 жылы ірі қара мал саны 2007 жылмен салыстырғанда 109,3%-ға

артты, қой мен ешкі саны 2007 жылмен салыстырғанда 110,7%-ға артты, жылқы саны 117,9%-ға артты, құс саны 109,4 %-ға артқаны байқалады. Ал, шошқа саны төмендегенін көруге болады.



1 – сурет. Қазақстан Республикасындағы мал, құс саны бойынша Алматы облысының үлес салмағы, пайызбен (2011 ж.).

1- суреттен көріп отырғанымыздай Қазақстан Республикасындағы мал құс саны бойынша Алматы облысының үлес салмағы жылдан жылға ұлғаюда. 2011 ж. арналған статистикалық мәліметтерге сәйкес Қазақстан Республикасындағы мал, құс саны бойынша Алматы облысының үлес салмағы 14,5%-ы құрап отыр [3].

Қазақстан Республикасында мал шаруашылығы өнімінің үлкен үлесі халықтың жеке қосалқы шаруашылықтарында өндіріледі, бұл төмен өнімділікке әкеледі, ішкі нарықтағы өсіп

келе жатқан қажеттілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді, өзіндік құнының жоғарылауына және бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әкеледі, импортқа тәуелділікті қалыптастырады [4].

Осылайша, барлық ет түрлерін негізгі өндірушілер әлі күнге дейін халық шаруашылықтары болып табылады, оларда 2012 ж. 1 қаңтардағы деректер бойынша 76,7% ІҚМ басы, 67% қой мен ешкі, 72,5% шошқа, 62,7% жылқы және 40,9% құс ұсталуда. Мал шаруашылығы өнімділігінің

## Слово молодым ученым

көрсеткіштері халықаралық көрсеткіштерден бірнеше есе төмен.

Мал шаруашылық өнімінің өндірісіне Алматы облысының табиғи-климаттық потен-

циалы қолайлы. Негізінен барлық өндірілген ет және ет өнімдері аса ірі нарық сұранысы ретіндегі Алматы қаласы мен Алматы облысының тұрғындарын қамтамасыз етуге кетеді.


2 – кесте. Алматы облысындағы ет өндірісінің динамикасы, мың тонна

Көрсеткіштер	Жылдар					2011 ж. 2007 ж.-ға, %
	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	
Сойыс салмағындағы өндірілген ет	130,5	140,5	150,3	174,4	169,4	169,8
Оның ішінде:						
Ауыл шаруашылық кәсіпорындарында	31,7	33,3	44,0	66,5	60,2	189,9
Шаруа фермер және үй шаруашылығында	98,8	107,2	106,3	107,9	109,2	110,5

Ескерту – ҚР Статистика агенттігінің материалдары негізінде автордың есептеулері

2-кестеден көріп отырғанымыздай 2011ж. Алматы облысында 169,4 мың тонна ет өндірілген, оның ішінде 60,2 мың тоннасы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында

немесе жалпы көлемнің 35,5%; 109,2 мың тонна ет шаруа фермер және үй шаруашылығында немесе 64,5% құрайды.



2 – сурет. 2011 жылдағы Қазақстан Республикасында мал шаруашылығы өнімдерінің өндірісіндегі Алматы облысының үлес салмағы, пайызбен

2-ші суреттен көріп отырғанымыздай, негізгі ет өндірушілер Алматы (17,7%), Қостанай (14,5%), Шығыс Қазақстан (13,0%), Оңтүстік Қазақстан (10,2%), Ақтөбе (6,9%), Қарағанды (6,6%), Солтүстік Қазақстан (5,8%), Жамбыл (5,6%), Ақмола (4,7%) облыстары болып есептеледі.

3-кестеден көріп отырғанымыздай мал мен құстың барлық түрлерінің еті 2007 жылы 130,5 мың тоннаны құраса, 2011 жылы бұл көрсеткіш 169,4 мың тоннаға артқанын байқауға болады. Оның ішінде, сиыр және бұзау етін өндіру үлкен үлеске ие болып табылады.

Қазақстанның мал шаруашылығының әлсіз өнімділігінің негізгі себептері асыл тұқымды мал басының төмен үлесі (мысалы, етті бағыттағы малдың үлесі – 2,5%-дан

артық емес), сапалы жемшөптердің тапшылығы, күтіп-бағудың сәйкес емес шарттары болып табылады. Мал басының үлкен бөлігі тұрғындар шаруашылықтарына шоғырлануына байланысты мал шаруашылығы саласына малдардың төмен генетикалық әлеуеті және осымен байланысты төмен өнімділік, өнімділікті және өнімдердің сапасын қамтамасыз ететін күтіп-бағудың, азықтандырудың қазіргі заманғы технологияларын және басқа да технологияларды пайдаланудың жоқтығы, малдардың саулығына жеткіліксіз қарау секілді сипаттамалар тән. Бұдан басқа малдарды суаруға арналған су көздерінің қолжетімсіз болуына байланысты табиғи жайылымдардың әлеуеті пайдаланылмайды.

**Слово молодым ученым**

3 -кесте. Малдың түрлері бойынша ет өндірісінің құрылымы

мың тонна

Көрсеткіштер	Жылдар				
	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.
Мал мен құстың барлық түрлерінің еті	130,5	140,5	150,3	174,4	169,4
Оның ішінде					
Сиыр және бұзау еті	59,2	65,7	63,0	65,9	64,6
Қой және ешкі еті	19,4	19,8	20,9	23,5	25,4
Шошқа еті	13,6	15,8	14,0	11,0	11,1
Жылқы еті	8,5	7,2	9,5	11,4	11,3
Құс еті	29,7	31,9	42,8	62,6	56,9
Малдың басқа түрлерінің еті	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1

Ескерту – ҚР Статистика агенттігінің материалдары негізінде автордың есептеулері

Ет өндірудің жоғары экономикалық тиімділігінің жетістігінің негізгі факторы малдардың жоғары өнімділігі болып табылады, бұл көбінесе жемшөптің дұрыс қамтамасыз етілуіне және асыл тұқымдық күйдің жұмысына байланысты болады. Асыл тұқымдық өнімнің талап етілмеуі шаруашылық тауарлардың сатып алушылармен бейімділігінің төмендеуінің салдарынан, сонымен қатар мемлекет тарапынан асыл тұқымды мал шаруашылығын қаржымен жеткіліксіз қолдауы, асыл тұқымды шаруашылықтың банкротқа ұшырауына себеп болды. Нәтижесінде асыл тұқымдық саны тауар ретінде қолданыла бастады. Дегенмен, Алматы облысы елдің басқа аймақтарына қарағанда асыл тұқымды шаруашылық жағынан алдыңғы қатарда. Облыста 9 тұқымдық завод және 40 шаруашылық бар, олар асыл тұқымдық деген мәртебеге ие. Тек қана Талғар ауданында 5 асыл тұқымдық шаруашылық есептелінеді, онда бағалы текті

малды өрбітумен айналысады. «Жайтақ» ЖШС асыл тұқымды жылқыларды өрбітеді, олар: мугалджар және джабе, олардың саны 1000 басқа жетеді, «Бекон» ЖШС асыл тұқымды шошқаларды өсіреді, «Айшыр» және «Байсерке Агро» ЖШС – болашағы бар айшырлы, алатаулы, қара-шұбарлы ірі мүйізді малды көбейтеді.

4-кестеден көріп отырғанымыздай Алматы облысы бойынша ауылшаруашылық кәсіпорындарындағы мал мен құстың өнімділігі тұрақты түрде артып отырғанын байқалады.

Қазақстан Республикасы үшін сиыр етін өндіруді арттыру маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселе сүтті және құрамдастырылған тұқымды мал өсіру арқылы шешімін табуда. Мамандандырылған ет шаруашылығын дамыту есебінен ет ресурстарын ұлғайтуға және өнімділікті арттыруға болады.

4 – кесте. Алматы облысының ауылшаруашылық кәсіпорындарындағы мал мен құстың өнімділігі

Көрсеткіштер атауы	Жылдар					2011ж. %-бен 2007ж.
	2007	2008	2009	2010	2011	
1 сиырдан сауылған сүт, кг	2888	2945	2969	2850	2651	91,7
Бір бастың орташа салмағы, кг:						
- ірі қара	295	331	317	323	354	120,0
- шошқа	88	87	98	93	89	101,1
- қой мен ешкі	34	36	34	35	39	114,7
1 бас қойдан орташа жылдық жүн қырку, кг	3,9	3,9	3,9	3,3	3,6	92,3
Тауықтардың орташа жылдық жұмыртқалауы, дана	261	272	281	282	269	103,0

Ескерту – ҚР Статистика агенттігінің материалдары негізінде автордың есептеулері

Мамандандырылған ет тұқымды мал барынша жоғары ет өнімділігімен және сиыр етінің сапасымен, тез өсіп жетілетіндігімен ерекшеленеді. Сиыр етінен халықаралық

стандартқа сай келетін сапалы ет өнімдерін өндіріп, тек қана ішкі нарықты қамтамасыз етіп қоймай, сыртқы нарыққа шығуға болады.

Мамандандырылған ет шаруашылығы шығыны аз сала, капитал салудың, азық-түлік жағдайларының шектелуі, сүт өнімдерін өткізу нарығының қашықтығы сүт бағытындағы мал шаруашылығының дамуын тежейтін жерді пайдалану дамыған өңірлерде ет өнімдерін тиімді өндіруге мүмкіндік береді.


Ет және ет өнімдерінің тобынан орташа жан басына шаққанда негізінен 14,6 кг құс еті, 8,9 кг – шошқа еті, 8,2 кг – сиыр еті, 5,9 кг – қой еті, 4,1 кг – жылқы еті, 4,2 кг – пісірілген шұжық, әрқайсысы 2,7 кг тұшпара мен өзге де етті, ұнды тағамдар және еттен жартылай дайын өнімдер пайдаланылды.

3-суреттен көрініп тұрғандай соңғы бес жылда (2007-2011 ж.ж.) ет өнімдерін тұтыну біртіндеп өсуде, бұл жағдай жыл сайынғы халық санының өсуімен және де өмір сүру


деңгейінің жоғарлауымен байланысты. Халықтың жан басына шаққанда ет және ет өнімдерін тұтыну 2007жылы 49 кг болса, 2011 жылы 76кг болғаны байқалады. Осыған байланысты барлық күш-жігер бірінші кезекте жеке өндірісінен төлей алатын ішкі нарық тұтынушысының сұранысын қанағаттандыру болып табылады. Бұл барлық мал шаруашылығы өнімдері түрлерінің, соның ішінде ет өнімдері жыл сайын жеткізуі өсіп келе жатқан біртіндеп импорттан шығарылу жолымен жүзеге асады.

ҚР ауыл шаруашылығы әлемдік азық-түлік нарықтарына ықпалдасты және сауда теңгерімін қалыптастыруға белсене қатысады.

Дегенмен, ет және ет өнімдері бойынша импортқа тәуелділік деңгейі жоғары болып табылады (4 – сурет).



3 – сурет. Алматы облысы бойынша 2007-2011 ж.ж. халықтың жан басына шаққандағы ет және ет өнімдерін тұтыну динамикасы, кг




4 – сурет. Етті қайта өңдеу мен консервілеу және ет өнімдерін өндіру, млрд.тенге



4-суреттен Қазақстан Республикасы бойынша 2007-2011 жылдар аралығындағы етті қайта өңдеу мен консервілеу және ет өнімдерін өндіру динамикасын көруге

болады. Еліміздің ет және ет өнімдерін өндіру бойынша импортқа тәуелділік деңгейі жыл сайын арттып отыр (5 – сурет).



5 – сурет. Қазақстанда 2009-2011 жылдары ет және ет өнімдерін тұтынудағы импорттың үлесі, мың тонна

5-суреттен көріп отырғанымыздай Қазақстан Республикасындағы ет және ет өнімдерін тұтынудағы импорттың үлесі 19%-ы құрап отыр. Импортқа тәуелділік деңгейін төмендету үшін отандық кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан қолдау жұмыстарын арттыру қажет.

Сонымен, ет және ет өнімдері көптеген факторлар әсерімен қалыптасады. Ет өндірісінің өсуі жемшөп базасының жеткіліктігі мен толық бағалылығына тәуелді. Сондықтан ет және ет өнімдері нарығын зерттеу, егер олар осы екі факторлардың серпінді дамуын талдаусыз және есепсіз жүргізілсе, сенімді және ең жақсы басқару шешімдерін таңдау үшін база ретінде қызмет ете алмауы мүмкін. Сол себепті бұдан ұлттың ет нарығының стратегиялық дамуының ең тиімді тәсілдерін іздеу әдістеріне кешенді программалық мақсатты тәсілдеме талап етіледі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2012, 27 қаңтар.
2. Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы. Статистикалық жинақ / Ә.А. Смайыловтың редакциясы бойынша/ Астана: 2012. – 247 бет.
3. «Алматы облысы 2011 жылы» Статистикалық жылнамалығы / Б. Төлепбаевтың редакциясы бойынша/ Алматы: 2012.- 338 бет.
4. Қазақстан Республикасында агро-өнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы. 2013, 18 ақпан.

Подписано в печать 25.06.2013 г.

Формат 60x84 1/8

Бумага офсетная №1

Заказ № 240

Цена договорная

## **ПРОБЛЕМЫ АГРОРЫНКА**

Адрес редакции:

050057, г. Алматы,

ул. Сатпаева 30 «б»

Тел.: 245-35-87; 245-36-20

Факс: 245-36-07

E-mail: [nii\\_apk@nursat.kz](mailto:nii_apk@nursat.kz)

[kazniiapk@mail.ru](mailto:kazniiapk@mail.ru)

[www.agroeconom.kz](http://www.agroeconom.kz)

Объем 9,89 усл. п.л.,

8,78 уч. изд. л.

Тираж 300 экз.